

Работа несколько перегружена концептуальным обоснованием различных аспектов модернизации, хотя это имеет и положительную сторону, так как придает исследованию теоретическую основательность, фундаментальность. Однако указанные недостатки не могут повлиять на высокий научный уровень представленного исследования. Впрочем, эти и некоторые другие замечания не носят принципиального характера и не могут оказать влияния на общую высокую оценку работы.

Ресей ғалымы В.Н. Анттың «Социальная и культурная динамика общества» кітабына пікір жазылған. Еуразиялық менталдылықтың кейбір ерекшеліктері толық ашылмаған.

Comments on the book of Russian author V.N.Ant «Social and Cultural Dynamics of the Society» are presented. It seems, that some peculiarities of Euro-Asian mentality are not adequately revealed in this work.

А.К. Елешев, З.Ж. Жаназарова

ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Отбасылық тәрбиесіз баланың үйлесімді дамуы мүмкін емес, бұл тәрбие қоғамдық тәрбиемен бірлесіп нығая түсуі керек. Отбасы мен қоғам – бір жүйенің кіші және үлкен үлгілері. В. Сатир жазғандай: «Отбасы қоғамдағы біріктіретін күш болуы керек, оның алатын кеңістігі мен мүшелерінің санының шағындығы соншалықты, олар бір-бірі туралы бәрін білетін, тіпті бір бөлмеге-ақ сыйып кететін қоғамның санаулы одақтарының бірі». Отбасы туралы жаңа ұрпақтарды қоғамдық тәрбиелеудің бөлігі ретінде айта отырып, оның осы жүйедегі мәнділігін назардан тыс қалдырмау керек. Ата-ана балаларының әлеуметтік құндылықтар кешенін, дүниеге деген көзқарасын, бағдарын, қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен әдеттерін қалыптастырады.

Отбасындағы алғашқы өмір сабақтары балаға әрекет жасаудың нұсқасы ретінде әлеуметтік ақпаратты таңдап қабылдауға, өңдеуге, меңгеруге немесе қабылдамауына негіз болады. Балаға отбасы тарапынан әсер ету үдемелігі мен нәтижелілігі бойынша теңдессіз. Себебі ол үздіксіз, бір мезгілде жүзеге асады, қалыптасып келе жатқан тұлғаға жан-жақты әсер етеді, көп жылдарға жалғасады, отбасындағы байланыстардың тұрақтылығына, балалардың да, ата-аналардың да өзара эмоционалдық қарым-қатынасына негізделеді. Мұнда сүйіспеншілік пен сенім тәрізді табиғи сезімдер туралы ғана сөз болып отырған жоқ, сонымен қатар балалардың өз қауіпсіздігін, қорғалғандығын, өзін мазасыздандырған ойлармен бөлісу мүмкіндігін, көмек алатындығын сезіну туралы айтылады. Отбасылық қарым-қатынас, тәрбие барысында балаға аға ұрпақтың өмірлік тәжірибесі, сезім мәдениеті мен мінез-құлқының деңгейі беріледі.

Отбасылық тәрбие айрықша, сондықтан өзінің келесідей ерекшеліктері бар:

- үздіксіздік;
- тәрбиелік әсер етудің көп факторлығы мен қайшылығы;
- тәрбиелеуші микроортаның салыстырмалы тұйықтылығы;
- тікелей әсер ету (көмекші бөлімшесіз, көмекші адамсыз);
- қарым-қатынастың жекелігі;
- өзара қарым-қатынастың табиғилығы мен көпқырлығы;

Ата-ананың міндеті – ескі өмірлік таптаурындардан бас тартып, адамдар өзара соғыспай, ынтымақтасатын жаңа таптаурындар жасау. «Жекеше» қаралатын әлеуметтендіру факторларының ішіндегі ең бастысы ата-ананың отбасы болып табылады, себебі бала өзінің неғұрлым қабылдағыш кезеңінде отбасының әсерін бәрінен бұрын сезінеді. Отбасындағы жағдай, оның ішінде ата-ананың әлеуметтік жағдайы, қызметі, материалдық деңгейі, білім деңгейі баланың өмірлік жолын едәуір анықтауға мүмкіндік береді. Ата-ана баласына саналы түрде беретін тәрбиеден басқа балаға отбасындағы атмосфера да әсер етеді. Бұл әсердің ізі жеке тұлғаның құрылымында көрініс тауып, оның жасы есейген сайын көбейе түседі.

Баланың кез келген жастағы мінез-құлқындағы әлеуметтік немесе психологиялық аспектінің барлығы оның қазіргі күнгі және өткен уақыттағы отбасылық жағдайына байланысты болады. Әрине, бұл тәуелділіктің сипаты өзгереді. Мысалы, баланың үлгерімі және оның оқуының ұзақтығы отбасының материалдық деңгейіне байланысты болса, енді ата-анасының білім деңгейі әсер етеді (жоғары білімді ата-ананың балалары жақсы оқиды). Ата-анасының білім деңгейінен басқа балалардың тағдырына отбасының құрамы мен отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынастарының сипаты әсер етеді.

Салыстырмалы түрде жеке болатын балаларды тәрбиелеуде бірқатар психологиялық механизмдер бар, олардың көмегімен ата-ана өз баласының тәрбиесіне ықпал етеді.

Біріншіден, қолдау: ересектер баланың дұрыс деп санайтын әрекеттерін марапаттап, ал белгіленген ережелерді бұзғаны үшін жазалау арқылы баласының санасына ережелер жүйесін ендіреді, оларды сақтау біртіндеп бала үшін әдетке сай әрі ішкі қажеттілік болып қалыптасады. Екіншіден, идентификация: бала ата-анасының үлгісін байқап, оларға еліктейді, сондай болуға тырысады. Үшіншіден, түсіну: баланың ішкі дүниесін біле тұра, оның мәселелеріне көңіл бөліп, ата-ана баласының санасы мен коммуникативтік қасиеттерін қалыптастырады.

Балаларды тәрбиелеудегі отбасылық әлеуметтендіру дегеніміз бала мен ата-ананың тікелей «жұптасып» өзара қарым-қатынас жасауын ғана білдірмейді. Идентификацияның әсері қарсы рөлдік өзара толықтыру арқылы бейтараптандырылады. Мысалы, ата-ананың екеуі де шаруашылықпен жақсы айналысса, балада мұндай қабілеттің дамымауы мүмкін, себебі баланың көз алдында жақсы үлгі болса да, отбасы баланың осы қабілеттерін қолдауын керек етпейді. Керісінше, шешесі шаруашылықпен айналыспайтын отбасында бұл рөлді қызы жақсы атқарады. Психологиялық қарсылық механизмінің де маңызы зор: еркіндігі шектелген жасөспірімнің дербестікке ұмтылу қабілеті жақсы қалыптасады, ал ештеңеден шектелмеген бала тәуелді болып өседі. Сондықтан баланың нақты қасиеттері, негізінде, ата-анасының қасиеттеріне байланысты болмайды (ұқсастығы жағынан да, айырмасы жағынан да), тәрбиелеудің жеке әдістерінен де шықпайды.

Отбасылық тәрбиенің ерекшелігін оның анықтамасынан көруге болады. Отбасылық тәрбие дегеніміз – ата-ананың баласының рухани және дене бітімінің қасиеттерін саналы түрде қалыптастыру үрдісі. Тәрбиелеу әдістерінің түрлі топтамасынан да, оның ерекшеліктерін байқаймыз. Отбасылық тәрбиеде біз келесі әдістерді қолданамыз:

- сендіру;
- тіршілікті ұйымдастыру;
- түзету;
- марапаттау және жазалау;

Сендіру әдісінің басты мақсаты тәрбиеленушілердің саналығын дамытуда, көзқарастар мен пікірлер жүйесінің қалыптасу үрдісін ұйымдастыруда, өзіндік ойлауды дамытуда (ақпараттық, іздестіру, өзара ағарту, дискуссиялық әдістерінің көмегімен).

Тіршілікті ұйымдастыру дегеніміз баланың дене бітімінің, әлеуметтік және рухани

қалыпты дамуы үшін ересектердің тиімді жағдай жасауы. Бұл әлеуметтік, шаруашылық-тұрмыстық, санитарлық-гигиеналық жағдай, отбасындағы еңбек және рухани атмосфера, ата-ананың білімділік деңгейі.

Түзету дегеніміз – педагогикалық тәсілдердің көмегімен баланың жағымсыз мінез-құлық көріністерін түзету. Марапаттау мен жазалау педагогикалық ынталандыру әдістері, олар баланы қоғамдық пайдалы қызметке итермелей отырып, сонымен бірге жағымсыз мінез-құлық пен әрекеттерді тежейді.

Балаларды тәрбиелеуде ата-ананың стилі де маңызды рөл ойнайды. Атап айтқанда, А. Болдуин ата-аналық тәрбие тәжірибесінің екі стилін бөліп көрсетеді: демократиялық және қадағалаушы.

Демократиялық стиль келесі параметрлермен анықталады: ата-ана мен баланың арасындағы тікелей сөзбен қарым-қатынас жасаудың жоғары деңгейі; баланы отбасы мәселелерін талқылауға тарту; ата-ананың баласына көмек беруге даярлығы.

Қадағалаушы стильде ата-ана баласының әрекеттерін едәуір шектеп отырады: балаға шектеудің мәнін анық түсіндіру, ата-ана мен баланың арасында жаза шаралары жөнінде келіспеушіліктің болмауы.

Тәрбиелеудің демократиялық стилі қолданылатын отбасындағы балалар жетекшілік қабілеттерінің байқалуымен, шабуылдаушылығымен, басқа балаларды қадағалауға ұмтылуымен сипатталады, ал балалардың өзі сырттан қадағалауға қиын көнеді, алайда оларға альтруизм, эмпатия тән емес.

Тәрбиелеудің қадағалаушы стилі қолданылатын балалар көңілсіз, қорқақ, шабуылдаушы емес болып келеді. Тәрбиелеудің аралас стилі қолданылған балаларға іштей тыну, шабуылдаушылық, қызығушылықтың болмауы, ойлаудың айрықшылығы, қиялшылық тән емес.

Отандық педагогтар ата-аналық тәрбие стилінің келесідей топтамасын ұсынады: босаң (либералдық), авторитарлық және демократиялық.

Біріншісі қандай да бір қарым-қатынастың жоқтығымен сипатталады: отбасы мүшелерінің бір-бірінен алшақтығы, бөтенденуі, бір-бірінің істері мен сезімдеріне немқұрайлы болуы. Келесі екеуі – авторитарлық және демократиялық стильдер – өзіндік шкала құрайды, оның бір жағында қатаң авторитарлық сипат басым болады, яғни отбасы мүшелерінің шағымдануға жатпайтын, ешкіммен санаспайтын қарым-қатынасы, қатыгездігі, шабылдаушылығы орын алса, екінші бөлігінде – ынтымақтастық, өзара көмек, сезім мен эмоция дамыған мәдениет, сондай-ақ отбасылық одақтың барлық

мүшелерінің шын мәніндегі толық тең құқықтылығы орын алатын алқалы демократия. Авторитарлық стиль – баланың отбасында мәнсіздігі мен керексіздігі салдарынан ол ата-анасынан алшақтайды.

Жалпы білім беретін мектепте ұйымдас-тырылатын педагогикалық үрдіс отбасының педагогикалық үрдіс аясында жүреді. Мектеп оқушылары отбасының педагогикалық үрдісіне қатысатынын және осы үрдістің нәтижесі ата-ананың үрдісті қаншалықты саналы басқаратынына көбірек байланысты болатынын ескере отырып, осы екі педагогикалық үрдіс өзара байланысты деуге болады. Олардың нәтижелері қосылып, не оның тиімділігін арттыра түседі, не бір-біріне қарама-қайшылық тудырады, онда тәрбиелік әсер едәуір төмендейді.

Балалардың екі педагогикалық үрдіске қатысуы отбасындағы тәрбие жұмысының жағдайын білу, ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтеру, отбасындағы педагогикалық үрдістің оң және теріс жақтарын ескере отырып, мектептегі педагогикалық үрдісті жасау қажеттігін туындатады.

Балаларды тәрбиелеудегі әлеуметтендіру дегеніміз – индивидке қоғамның тең құқықты мүшесі ретінде өмір сүруіне мүмкіндік беретін білім, қағидалар мен құндылықтардың жүйесін меңгеруге көмектесетін бүкіл әлеуметтік және психологиялық үрдістер жиынтығы. Оған саналы, қадағаланатын, мақсатты әсер ету (кең мағынада алғанда тәрбиелеу) ғана жатпайды, сонымен бірге жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін тылсым, кездейсоқ үрдістер де жатады.

Ата-ананың отбасы – әлеуметтендірудің маңызды институты. Алайда қазіргі отбасы бұрынғы кезеңде алған басым рөлін жоғалтты. Бұған жалпы тәрбиенің мәні де, ерекшелігі де, отбасының өзінің өзгеруі де әсер еткен: тұрақтылықтың өзгеруі, баланың аздығы, әкенің дәстүрлі рөлінің әлсіреуі, әйелдердің еңбекпен шұғылдануы және т.б. Отбасындағы қарым-қатынас стилі де өзгерді. Авторитарлық тәрбиенің күйреуі ата-ана мен баланың өзара қарым-қатынасын жұмсартып, жақындатып, екі жаққа да жекеше әрі эмоционалдық тұрғыдан маңыздырақ ете түсті. Қазіргі күні тәрбиелеуде ата-ананың билігі емес, моральдық беделі жөніндегі мәселе маңыздырақ. Күшке сүйенетін билікке қарағанда, ата-ананың моральдық беделін ұстап тұру қиынырақ. Тәрбиелеудегі қарым-қатынасты жекелендіру оның мәнін арттырады, сонымен бірге бұл қатынастарды, әсіресе ата-ананың қарым-қатынас ауқымы мен таңдауы кеңейген жасөспірімдік кезеңде нәзіктендіре түседі.

Әйел мен еркектің әлеуметтік рөлдері жүйесінде алға түпкілікті қадамдар жасалды.

Әйелдің еркіндік алуы және оның өндірістік қызметке араласуы оның қоғамдағы және отбасындағы рөлін көтерді, сонымен бірге ана мен әке рөлдерінің дәстүрлі бөлінісін жойды. Қазір отбасында рөлдердің бөлінуі жұбайлардың жынысына емес, олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты. Жалпы алғанда, бұл алға аяқ басу – биархатты отбасы тұрақтырақ және ондағы психологиялық климат жақсы. Алайда бұл да келіспеушілік туғызады. Әсіресе қазіргі күні балаларды тәрбиелеуде әкенің рөлі күрделі болып отыр [1].

Барлығына белгілі, отбасы адамзатты бірегей әлеуметтік құрушы болып табылады. Болашақ әлеуметтік білім ретінде, отбасының белгілі әлеуметтік функциялары бар, оның өмір сүруінің қоғамдық қажеттіліктері ретінде, сондай-ақ отбасы мүшелерінің дербес қажеттіліктері де бейнесі болып табылады. Отбасының бейнесі әлеуметтік институт ретінде, әлеуметтік нормаларда, жұбайлардың, ата-аналардың, балалардың және басқа да туыскандардың арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуші санкциялар мен ұстаным үлгілерінде тұжырымдалған.

Соңғы онжылдықта ата-ана мен балалардың қарым-қатынастары терең және бір-біріне бауыр басқандықпен анықталады, себебі көптеген адамдар үшін балалар негізгі құндылықтардың бірі болып келеді. Бірақ, бұл қазіргі отбасының қарым-қатынасын қиындатады. Мұндағы себептер, ата-аналардың әдеттегі мінез-құлқы өзгеруде. Әке – экономикаға қатысты отбасының басшысы емес, бұл қызметтерді анасы жиі орындайды, жұмыс істемейді, бұрынғыдай ата-ана билігінің беделі емес. Оған ауысымға ата-ананың жеке беделі келеді. Қазіргі уақытта балалар ата-аналарынан гөрі жақсы білім алған, уақытының көп бөлігін отбасынан тыс өткізуіне мүмкіндігі бар, демек, өмір сүрудің басқа саласында. Барлығы аз бақыланатын және жүзеге асырылатын ата-аналарының қарсылығы болды. Кейде ата-аналар өздері де нені болатынын, неге тыйым салу керектігін білмей қалады. Бұл балаларға қатысты әкесі мен анасының тәрбиелеуіне әлеуетін жиірек драматикалық жасайды.

Бүгінгі отбасында дағдарыс құбылыстары дамуда. Бұл отбасының тұрақсыздығына да әсер етеді, оны іріткі салуынан көруге болады, онда күйеу мен әйел бір-бірін түсінбейді, ол баланы тәрбиелеуге ортақ жолды таба алмайды деген сөз. Іріткі салынған отбасыларда ережеге сәйкес, баланың қалыпты әлеуметтенуі мен дербестіктің дамуы үшін қажетті жағдайлар жоқ. Бұған социологтардың, психологтардың, педагогтардың, құқықтанушылардың, отбасымен жұмыс істейтін тәжірибешілердің ғылыми зерттеулерінің деректері куәлік етеді.

Отбасымен жұмыс істеу қазіргі кезеңде қиындады және нысандар мен әдістерді, жаңа көзқарастарды талап етеді. Отбасының балаларды тәрбиелеу қызметі күрделі бұзылған, ол күн көруге ақша іздеу, өмір сүру мәселесімен басылып қалған, отбасының маңыздылығы шайқалды. Балалар мен ата-ана қарым-қатынастары барынша аз шамаға дейін жиылып тасталған. Бұның себептерінің бірі қазір Қазақстан, басқа да көптеген кеңес кезіндегі мемлекеттер тәрізді, Батысқа теңеседі. Бұл дұрыс емес, себебі біздің дәстүрлеріміз, мәдениеттеріміз бір-біріне ұқсамайды, біздің тіліміз басқа. Бұл қазіргі уақыттағы өте өзекті мәселе, қазір ерекше орынды – адамды құрастыру мен тәрбиелеудің маңызды ортасы ретінде отбасын бекіту және дамыту міндеттері алып отыр.

Тәрбиенің жоқтығы да – тәрбиеге жатады. Қараусыз қалу, қараусыз қалғандағы жағымсыз әсерлер де тәрбиелейді. Өзіне деген назарды сезінбегенде, бала басқаларға немқұрайды немесе долданғыш, қарсы келгіш болады. Бағытталған тәрбиелеуші әсері жоқ, бірақ та жанама түрде бар. Бала отбасында тұрғандықтан және оған оның үлкен мүшелерінің өмір сүру салауаты әсер етеді. Егер олардың барлығын жасыратын болса және егер ата-анасының өмірі ашық болса, егер отбасында көп сөйлесе және көп сөйлемейтін болса, сол жағдайда оларды тәрбиелей бастайды. Мұның барлығы баланың жеке тұлғасының қалыптасуына әсер етеді. Егер жұмыс және басқалар туралы айтып отырса және оларды қалай айтқаны; егер ұрысса немесе табысса; егер отбасы бірлікте немесе әркім өз-өзімен болса; егер отбасында біреуді бүйірлесе және егер әкесі «пәтер жалдаушы» сияқты болса: кеш келеді, үндемей теледидар көрсе, оқыса, ұйықтаса және таңертен білдірмей жұмысқа кетіп қалатын болса, бұл әсерлер де балаларды тәрбиелейді. Мұның барлығы да тәрбие [2].

Балаға бәрі әсер етеді: қайырымды немесе ата-анасы жоқ; олар өміріне қанағаттанады ма немесе барлығына немесе әрбіріне қызғана

қарайды ма; оптимист пе немесе әрқашан «өлгенше шаршаған» және оларға «бәрі пәле болды» ма? Ол үшін олардың мінездерінің алуан түрлігі, олардың неге ұмтылғандары, не қажет екендігі және нені жақсы көретіндіктері, неге қуанатындықтары, неге көңілдерінің түсетіндіктері, неге ашуланатыны, неден қорғанындары немқұрайлы емес. Бала бәрін көреді, естиді, өзінше қабылдайды және өңдейді, оған барлығы әсер етеді және мұның өзі де тәрбие. Жауап тек біреуін талап етеді: мұның бәрі қалай тәрбиелейді?

Балаларды тәрбиелеу барысында оларды тек экономикалық және психологиялық әсерлерден ғана қорғап қоймай, олардың сапалы денсаулығы мен физикалық дамуы үй-тұрмыстық, көліктік сұрақтарды шешуге, олар өмір сүретін ортаның, орталықтың урбанизациясына, индустриализациясына тәуелді [3].

Жоғарыда айтылған факторлардың өзара қарым-қатынасы негізінде (физикалық қасиеттер, ата-аналардың дербес тәжірибесі, отбасындағы мәдениеттің ерекшеліктері мен т.б.) қайталанбас тұлғаның қалыптасуы ойдағыдай жүреді.

1. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. – Астана: Парсат әлемі баспасы, 2005. – 180 б.

2. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 239 б.

3. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 257 с.

В статье представлен системный анализ особенностей воспитания детей, роли и обязанностей родителей, стилей и методов воспитания, видов взаимоотношений детей и родителей в семье.

System analysis of features of education of children, roles and duties of parents, styles and methods, mutual relations of children and parents in a family is presented.

Ж.А. Нурбекова, Ж.У. Айдаркулова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК МӘСЕЛЕСІ

«Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» деген екен Дени Дидро. Ерікті волонтер болу дегеніміз риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың

ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйеу бола білу деген сөз. Ол екінші бірінің қолынан келмейтін іс. Ерікті волонтерлер болу үшін адамдарға ниет білдіру, жаны ашып, есіркей білу, ашуды ақылға жемдіре білу, командада жұмыс